

## **2022 жылғы мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызмет есебі жөнінде ашық талқылаулары туралы мәлімет**

«Мемлекеттік қызмет көрсету» туралы Заңының орындалуы қазіргі уақытта ерекше назарға алатын сапалы, тиімді қызмет көрсетілуде.

2022 жылдың ашық талқылау қорытындысы бойынша «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық негіздемесіне қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметі 63 рет, «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметі 2 рет, «Балаларды жалпы білім беретін оқу орындары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» 3 қызмет көрсетілді.

Жаңа оқу жылына оқушыларды қашықтықтан қабылдау үшін WhatsApp messages арқылы топтар құрылып, «Мемлекеттік қызмет көрсету» жұмысы қарқынды, белсенді қызмет жасалды.

2019 жылдан бастап мектеп-интернаттың 1 қабатының 105 кабинетінде «Egov» бұрышы ашылып, жұмыс жасауда.

Қосымша: фотоесеп

Мектепте "өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышын" ашудың негізгі мақсаты:

1. Мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде көрсету және мектеп қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығын арттыру болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталы арқылы "Egov.kz" мектеп қызметкерлерінің ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) болған жағдайда ХҚКО-ға жүгінбей-ақ мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алу мүмкіндігін арттыру және жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік қызметтерді мобильді азаматтар базасында тіркелу арқылы бір реттік SMS-пароль арқылы алуға болады.

4. Қызметкер өзінің жеке кабинетіне кіріп, тұрғын үй кезегін, әкімшілік айыппұлдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымды, зейнетақы аударымдарын және т. б. көре алады.

Сондай-ақ үйде интернетке қол жеткізе алмайтын жаңадан келген оқушылардың ата-аналары (көрсетілетін қызметті алушылар) мектептегі "өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышын" белсенді пайдаланады.

Мектепте Egov.kz порталында анықтамаларды өз бетінше алу бойынша қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



